

## АНЫҚТАМА

Қызылорда облысының білім басқармасы Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің №5 «Шаттық» мектепке дейінгі ұйым» КМҚК 2024 жылдың 12 айы қорытындысымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша

«21» қаңтар 2025 жыл

Қызылорда қаласы

ҚР "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы" Заңының 8-бабы 5-тармағына сәйкес мемлекеттік органдар, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдануы және ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары бойынша 2024 жылдың 12 айы қорытындысымен талдау жасалды.

Көрсетілген мерзімде «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің №5 «Шаттық» мектепке дейінгі ұйым КМҚК-ның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдауға мына бағыттар негізінде жүргізілді. «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 20 қарашадағы № 4077 санды шығыс хатына сәйкес №5 «Шаттық» мектепке дейінгі ұйым коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» іс-шарасының 2024 жылға арналған жоспары құрылып, орындау мақсатында түсіндірме жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп, өскелең ұрпақты тәрбиелеуде, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша тиісті жұмыстар жоспарға сәйкес атқарылып, балабақшаның әлеуметтік желісіне жарияланып білім бөліміне уақытылы <https://www.facebook.com/share/p/12FQt621Vy9/> жолдануда.

№5 «Шаттық» мектепке дейінгі ұйым КМҚК «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» жоспарына сәйкес мекеме басшысы З.Ш.Ерназарова еңбек ұжымының жиналысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар заңнамасымен таныстырып, "Жемқорлықсыз жол, сенімді жол" тақырыбында қызметкерлерге арнайы іс-шара өткізілді. Мақсаты: "Сыбайлас - жемқорлық" деген ұғымды түсіндіріп, "Адал ұрпақ" тәрбиелеу жолдары жайлы түсінік қалыптастыру. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. <https://www.facebook.com/share/p/19fwLo7PZg/>

№5 «Шаттық» мектепке дейінгі ұйым КМҚК «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» жоспарына сәйкес "Адал ұрпақ" тәрбиелеу мақсатында балалар мен ата-аналармен бірігіп "Балабақшадағы театр" жобасының аясында балаларға арнап сахналық қойылымдар қойылды.

Мақсаты: "Жақсылық пен жамандық, адалдық, мейірімділік, қатыгездік" деген ұғымды балаларға ертегі желісі арқылы түсіндіріп жайлы түсінік қалыптастыру. Адал ұрпақ тәрбиелеу. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. <https://www.facebook.com/share/p/1Ag1jZ1SPV/>

**Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы;**

**Сыбайлас жемқорлықтың болуы мүмкін тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу барсында төмендегі талаптардың сақталуы.**

Кадр мәселесіне қатысты 2024-2025 оқу жылында «еңбек.kz» арқылы ҚР Еңбек Кодексінің 34- бабына сәйкес 14.02.2024ж №16 бұйрықпен Узақбаева Айнұр - тәбиеші көмекшісі қызметіне жұмысқа қабылданды. 01.04.2024ж №28 бұйрықпен тәбиеші көмекшісі қызметіне – Төлеген Мадина жұмысқа қабылданды.

«№5 Шаттық» мектепке дейінгі ұйым 06.09.2024ж facebook, instagram әлеуметтік желілері арқылы Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің бос орындар айдарында жарияланды. «№5 Шаттық» мектепке дейінгі ұйым» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны 2024-2025 оқу жылына 1(бір) – әдіскер лауазымына бос орынға конкурс жарияланды.

Әдіскер ( 1 жүктеме) <https://www.facebook.com/share/p/1Dw4WXRu4L/>

№ 5 «Шаттық» мектепке дейінгі ұйым коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына 2024 жылы жарияланған “Әдіскер” 1 (бір) бірлік бос орнына 1 үміткер конкурсқа құжат өткізді.

2024 жылдың 25 қыркүйек күні Конкурстық комиссия кандидаттар құжаттарының ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпанындағы №57 бұйрығының мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы 3-тарау 154-тармағына сәйкес біліктілік талаптарға сәйкестігін қарау нәтижелері бойынша, 16-қосымша Бағалау парағында көрсетілген баллдарды есептеуді жүзеге асыра отырып, конкурс талабына сай келген төменде көрсетілген кандидат конкурстан өтті деп есептеліп, тағайындауға ұсынылды.

1.Базарбаева Маржан Бекмырзаевна-әдіскер қызметіне конкурс негізде 25.09.2024ж № 112 бұйрықпен жұмысқа қабылданды.

№5 «Шаттық» мектепке дейінгі ұйымның 06.09.2024ж facebook, instagram әлеуметтік желілері арқылы <https://www.facebook.com/share/p/12ByvMC5NQ8/>

«№5 Шаттық» мектепке дейінгі ұйым» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны 2024-2025 оқу жылына 3(үш) тәбиеші лауазымына уақытша бос орынға конкурс жарияланды.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру жарияланғаннан кейін келесі жұмыс күнінен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде (2024 жылғы 17 қыркүйек сағ. 18.00-ге дейін) «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің №5 «Шаттық» мектепке дейінгі ұйым КМҚК электрондық немесе қағаз түрінде қабылданды.

Конкурс 2024 жылғы 25 қыркүйек күні «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің №5«Шаттық» мектепке дейінгі ұйым КМҚК өткізілді. <https://www.facebook.com/share/p/18z7NK4feJ/>

№ 5«Шаттық» мектепке дейінгі ұйым коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны 2024 жылы жарияланған “Тәрбиеші ” 3 (үш) бірлік уақытша бос орнына 5 үміткер конкурсқа құжат өткізді . 2024 жылдың 25 қыркүйек күні өткізілген конкурста «тәрбиеші» лауазымының 3(үш) бос орнына қабылданған үміткерлердің құжаттары қаралып, комиссия шешімімен 16-қосымшаға сәйкес бағалау парағының нәтижесі бойынша конкурс талабына сай келген кандидат 16.5 балл жинаған Жармаханова Гүлзат 02.10.2024ж № 116 бұйрықпен , 15 балл жинаған Өмірқұл Айжан 27.09.2024ж № 114 бұйрықпен , 13 балл жинаған Шәкірова Құралай 25.09.2024ж № 113 бұйрықпен № 5«Шаттық» мектепке дейінгі ұйым коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына уақытша тәрбиеші қызметіне жұмысқа қабылданды.

08.10.2024ж №5 «Шаттық » мектепке дейінгі ұйым коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны мекемесі 2024-2025 оқу жылына 1(бір) ән-әуез жетекшісі мен 1(бір) педагог ассистент лауазымы уақытша бос орнына конкурс жарияланды. <https://www.facebook.com/share/p/19nW6MQAfQ/>

Конкурс 2024 жылғы 24 қазан күні «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің №5«Шаттық» мектепке дейінгі ұйым КМҚК өткізілді.

№ 5«Шаттық» мектепке дейінгі ұйым коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны 2024 жылы жарияланған 1(бір) ән-әуез жетекшісі лауазымына 24.10.2024ж № 107 бұйрықпен Сейілова Салтанат конкурс негізінде жұмысқа қабылданды.

№ 5«Шаттық» мектепке дейінгі ұйым коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны бос орынға конкурс жариялап, 25 қазан күні өткізілген конкурста 1(бір) педагог- ассистент лауазымына құжаттартары қаралып, комиссия шешімімен 16-қосымшаға сәйкес бағалау парағының нәтижесі бойынша конкурс талабына сай келген кандидат Шманова Гүлсая педагог- ассистент лауазымына 24.10.2024ж № 128 бұйрықпен жұмысқа қабылданды.

«еңбек.kz» арқылы 2- қызметкер, конкурстық негізде жыл басынан бастап 6- педагог жұмысқа қабылданған. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығымен бекітілген Қағида талаптары қатаң бақылауда.

№5 «Шаттық» мектепке дейінгі ұйым КМҚК жалпы қызметкерлер саны –46,5. Оның ішінде педагог қызметкерлер бойынша – 26,5, техникалық қызметкер -20 бала күтімінде-5 қызметкер./5 педагог қызметкер, 0 кіші қызметкер/.

Басшы көшбасшы -1 , педагог шебер -0, педагог-зерттеуші - 1, педагог сарапшы -2, педагог-модератор 12, жоғары санатты - 0, бірінші санатты -0, екінші санатты - 0, санатсыз саны-10. Жоғары білімді -20, арнаулы орта білімді -6. Педагогика ғылымының манистрі -00.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі ұйымда барлығы 140 бала бар, оның ішінде 61 бала қарапайым бағытта, 7 бала - коррекциялық бағытта SmartNation Balabaqsha платформасы арқылы электронды түрде өтінішпен қабылданған.

2023-2024 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымды 47 бала бітірген. Оның ішінде 1-сыныпқа қабылданғаны - 28 түлек, оның ішінде №3 мектеп-лицейі - 3 бала, №6 мектеп-лицейі - 8 бала, №5 мектеп-лицейі - 7 бала, №23 мектеп-лицейі - 2 бала, №43 мектеп-лицейі - 1 бала, №112 мектеп-лицейі - 2 бала, №9 мектеп-лицейі - 2 бала, №212 мектеп-лицейі - 2 бала, №8 мектеп-лицейі - 1 бала, 0-даярлық сыныпқа қабылданғаны - 11, түзету орталығына қабылданғаны - 3, балабақшаға қабылданғаны - 5 (ЕБҚЕ балалар)

Бұл сала бойынша заң талаптары бұзылмаған, сыбайлас жемқорлыққа жол берілмеген.

## **2) Мүдделер қақтығысын реттеу;**

Заңдылықтың бұл талаптары бойынша мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ, көрсетілген мерзімде басшылық құрамға және қызметкерлерге қатысты арыз-шағымдар түспеген.

## **3) Мемлекеттік қызмет көрсету;**

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілген қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V заңына сәйкес көрсетілетін қызметтердің тізіліміне сәйкес, көрсетілген мерзімде білім бөлімі тарапынан мемлекеттік қызмет түрі бойынша өтініштер қабылданған.

Оның ішінде:

- білім саласына қатысты - 00,
- балабақшаға тікелей келген өтініштер - 68,
- балабақша қызметіне қатысты - 0
- басқа да өтініштер - 0.

1. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалы – «Халыққа қызмет көрсету орталығы» арқылы көрсетілген мемлекеттік қызмет саны (ЦОН) - 0

2. Мемлекеттік органмен тікелей көрсетілген мемлекеттік қызмет саны – 0

3. Электронды үкімет порталы арқылы көрсетілген мемлекеттік қызмет саны (ПЭП) – 0 санды құрайды.

Келіп түскен сұранымдар бойынша өз мерзімінде жауап беріліп, Заң аясында жұмыстар жүргізілген.

Ішкі талдау барысында саланың бұл талаптарымен заң бұзушылықтар анықталған жоқ.

**4) Рұқсат беру функцияларын іске асыру;**

Мектепке дейінгі ұйымға бұл бағыттағы рұқсат беру функциялары берілмеген.

**5) Бақылау функцияларын іске асыру;**

Бұл бағыт бойынша да іске асыру мүмкіндігі жоқ. Бақылау функциялары болған жағдайда көрсетіліп, зерделенуі тиіс.

**6) Бюджет және қаржы қаражатын игеру мен бөлу;**

«Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің №5 «Шаттық» мектепке дейінгі ұйым КМҚК бойынша **2024 жылдың 12 айы бойынша қаралған бюджет 186 045, 24 мың теңге.**

200 015 159 бағдарлама бойынша – 53 756,00 мың теңге,

200 011 159 бағдарлама бойынша – 16 024 ,24мың теңге,

202 011 159 бағдарлама бойынша – 116 266,00 мың теңге.

**2024 жылдың 12 айының қорытындысымен 186 045,24 мың теңге игерілді.**

**7) Жеке және заңды тұлғалармен шарт жасау;**

2024 жылдың 10 айы қорытындысымен мектепке дейінгі ұйым жеке тұлғалардан, заңды тұлғалардан «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесіне 4 өтініш келіп түсті. Сонымен қатар, азаматтарды жеке қабылдау сәрсенбі күндері 15.00-17.00 «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің №5 "Шаттық" мектепке дейінгі ұйым коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын меңгерушісінің жеке қабылдау тұрақты өткізіліп тұрады. Бекітілген кестеге сәйкес көрсетілген мерзімде және сәрсенбі күндері азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдап, азаматтардың өтініштері тыңдалды. Қабылдауға келген әрбір тұрғынның мәселесі жеке қаралып, жедел шешімін табуға жұмыстар жасалуда.

**8) Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;**

Қазақстан Республикасының «ҚР Әкімшілік рәсімдік процестік кодексі» 2020 жылғы 29 маусымдағы Кодексінің 89 – бабының 2 – тармағы бойынша, хабарға, ұсынысқа, үн қосуға, сұрау салуға жауаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сілтеме жасай отырып, арыз иесінің дәлелдерін жоққа шығаратын немесе растайтын нақты фактілерді қамтуға тиіс.

Балабақшада Е-өтініш, ҰБДБ, KAZNA, Balabaqsha SmartNation ақпараттық жүйелерімен жұмыс жүргізіліп жолданымдар дұрыс, әрі сапалы орындалуда.

Ішкі талдау барысында № 5 « Шаттық » мектепке дейінгі ұйым КМҚК да өтініштер тіркелген жоқ. Сонымен қатар «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесіне келіп түскен өтініштер саны-4. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне қатысты мәселелер тұрақты каралап, оларға қатысты шағымдардың болмағаны зерделеніп, бұл сала бойынша заңдылықтың бұзылу фактылері орын алған жоқ.

Сонымен қатар балабақшаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектепке дейінгі ұйымда -64 камера (ішкі-46, сыртқы- 18) 32-камера орталық жедел басқару жүйесіне қосылған. Қондырғылардың жарамдылық мерзімі мен жұмыс істеу сапасы талаптарға сай. Дабыл түймешесі орнатылған. Бейнебақылауға техникалық қызмет көрсету ЖСШ «Vaiden Company» 2024 жылдың 10 қазан, келісім-шарт №126. Дабыл түймешесі құрылғымен жабдықталған. Келісім-шарт №8; 12.01.2024ж. ТОО "АБС-Күзет", "Өрт/күзеттік хабарлағышты/өрт сөндіру/ бейнебақылау жүйелерін және ұқсас жабдықтауды техникалық қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетулер") Келісім-шарт №21; 08.02.2024ж. ТОО "Qurylyz Kzo". Дауыстық хабарландыру құрылғыларымен жабдықталған. Келісім-шарт №28; 15.12.2022 жылғы «Smart SpecService» ЖШС.

Басқа да мәселелер болған жағдайда қамтылу қажет.

#### **9) Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер**

Мемлекеттік сатып алу бойынша туындаған мәселелер жоқ.

Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылық деректері орын алмаған.

- Мектепке дейінгі ұйыммен қоштасу кештерін өткізу барысында ата-аналардан ақша жинамау және білім беру ұйымы мен педагог қызметкерлеріне сыйлықтар мен қаржылай сыйлықтар беруге жол бермеу туралы бұйрық шығарылып, ата-аналар жиналысы өткізіліп бұйрықпен таныстырылды.

-Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспары негізіндегі талаптар сақталған.

-мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша толық талдау жұмыстары жүргізілді.

